

ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Президент Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы Жарлыққа қол қойды

2026 ЖЫЛҒЫ 10 сәуір

Ғылым саласындағы үлкен жетістіктері және жоғары білімді дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін наградталды:

«Парасат» орденімен

Дүйсекова Күләш Керімбекқызы – Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ профессоры

Монтаев Сәрсенбек Әлиақбарұлы – «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ зертханасының жетекшісі;

«Құрмет» орденімен

Дүйсен Ғалымжан Мұстахимұлы – Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» РМК бас директорының орынбасары

Көлдеев Ержан Итеменұлы – Ғылым және жоғары білім министрлігі «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КеАҚ проректоры

Мерц Виктор Карлович – Денсаулық сақтау министрлігі «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бас ғылыми қызметкері

Орынбаев Мұхит Бармақұлы – Денсаулық сақтау министрлігі «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бас ғылыми қызметкері

Приходько Николай Георгиевич – Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Жану проблемалары институты» РМК бас ғылыми қызметкері

Түсіпбаев Несіпбай Қуандықұлы – «Металлургия және кен байыту институты» АҚ зертханасының меңгерушісі;

«Ерен еңбегі үшін» медалімен

Арғынғазинов Айбол Арғынғазыұлы – «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК Басқару институтының қауымдастырылған профессоры

Әбдікенов Бейбіт Болатқазыұлы – «Astana IT University» ЖШС директоры

Батрышев Дидар Ғалымұлы – «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ Ғылыми қызметкері

Белгібаева Анаргүл Сәрсенбайқызы – Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ профессоры

Бергеков Дарын Боранбайұлы – Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі «Ядролық физика институты» РМК Астана филиалының директоры

Догадкин Дмитрий Сергеевич – Ғылым және жоғары білім



министрлігі «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КеАҚ зерттеуші инженері

Ермұхамбетова Әсия Әмірханқызы – «Жас ғалымдар альянсы» ҚБ төрағасы

Кенесов Болат Нұрланұлы – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» ЖҒҰ профессоры

Конкина Гүлбаршын Спанқызы – Ғылым және жоғары білім

министрлігі «Ыбырай Алтынсарин атындағы Аркалық педагогикалық университеті» КеАҚ профессоры

Қасымов Асқар Бағдатұлы – Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Шәкәрім университеті» КеАҚ профессоры

Лутай Сергей Сергеевич – Ғылым және жоғары білім министрлігі «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КеАҚ аға оқытушысы

Махамбетов Ерболат Нысаналыұлы – Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Өнеркәсіп комитетінің «Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы» РМК «Ж. Әбішев атындағы химия-металлургия институты» филиалының зертхана меңгерушісі

Өтепов Елбек Бакытұлы – Ғылым және жоғары білім министрлігі «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ профессоры

Перфильева Анастасия Викторовна – Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Генетика және физиология институты» РМК қауымдастырылған профессоры

Тауанов Жандос Төреғұлұлы – Ғылым және жоғары білім министрлігі «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ Жастар кеңесінің төрағасы

Тәжібаев Еркебұлан Мұратұлы – Ғылым және жоғары білім министрлігі «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ басқарма мүшесі – проректоры

Төлен Жеңісбек Мұратбекұлы – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» ЖҒҰ ғылыми орталығының басшысы

Укин Сымбат Кенжебекұлы – «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ қауымдастырылған профессоры

Шлима Дмитрий Игоревич – Ғылым және жоғары білім министрлігі «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ оқытушысы-зерттеушісі;

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді

Омаров Амангелді Жұмағалиұлы – «Халықаралық көліктік-гуманитарлық университеті» мекемесінің президенті;

«Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» құрметті атағы берілді

Қадыржанов Қайрат Қамалұлы – Ғылым және жоғары білім министрлігі «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ аға ғылыми қызметкері.

Akorda.kz сайтынан алынды

AZERBAIJAN TECHNICAL UNIVERSITY ЖӘНЕ ХКГУ АРАСЫНДАҒЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



2026 жылғы 8 сәуірде Azerbaijan Technical University @aztu.edu.az мен «Халықаралық көлік-гуманитарлық университеті» арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Құжат академиялық және ғылыми ынтымақтастықты дамытуға, бірлескен бағдарламалар, академиялық ұтқырлық және ғылыми жобаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Келісім халықаралық серіктестікті кеңейтіп, білім сапасын арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Халықаралық көлік-гуманитарлық университетінің 3-курс студенті Бекенова Айым Қуатқызына Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясы тағайындалды!

Бұл жоғары марапат Айымның оқу, ғылыми және қоғамдық қызметтегі үздік жетістіктерінің нәтижесі.

Айымды шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жетістіктер мен биік белестер тілейміз!

Сен де үміткерсің! Жаксы оқы, сабақты босатпа, өз мақсатына сенімді қадам жаса!

ПОЗДРАВЛЯЕМ!

Студентке 3 курса Международного транспортно-гуманитарного университета Бекеновой Айым Куатовне присуждена стипендия Президента Республики Казахстан!

Эта высокая награда — результат отличных достижений в учебной, научной и общественной деятельности.

Искренне поздравляем Айым! Желаем дальнейших успехов и новых высот!

mtgu.edu.kz

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ СТИПЕНДИЯСЫ



23 сәуір – Ұлттық кітап күні. Бұл күн – адамзаттың ең асыл қазыналарының бірі – кітапқа деген құрметті арттырып, оқырман мен кітап арасындағы алтын көпірді нығайтатын маңызды мереке.

Атаулы күн ЮНЕСКО-ның бастамасымен Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні ретінде де аталып өтеді. Оның мақсаты – қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру, жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, рухани құндылықтарды дәріптеу.

Кітап – тек білім мен ақпараттың көзі ғана емес, ұлттың тарихы, мәдениеті мен рухани дүниесінің айнасы. Ата-бабамыздан қалған асыл сөз, шежіре, өнеге мен өсиет – бәрі де кітап арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Бүгінгі таңда технология дамып, ақпарат құралдары көбейсе де, кітаптың маңызы кеміген емес. Кітап парағының иісі, әр сөйлемнің астарында жатқан терең ой тек кітаптан ғана табылады.

Оқырман кітапты махаббатпен оқиды, шөлін қандырады, автор жасырған ойды табуға талпынып, санасын шыңдайды. Демек, бұл істін адамзат баласына берер пайдасы мол.

Ең алдымен, кітап оқысаңыз, біліміңіз артады. Себебі ол жаңа ақпарат, идеялар және өмірлік тәжірибе сыйлай алады. Әсіресе тарих, психология сынды салалардағы кітаптар дүниетанымды кеңейтеді.

Кітаптың әр парағы сөздік қорыңызды көбейтуге септігін тигізеді. Адам көп оқыған сайын сөзі жетік, ойы нақты бола түседі. Сонымен қатар, кітап оқу адам өміріндегі стресті азайтады. Адам парак



бетіндегі әлемге еніп, күнделікті уайымнан алыстайды, жаны тынышталады.

Шығармашыл адамдардың рухани дүниесі ерекше бай болып келеді. Ал оның басты себепшісі – кітап. Көркем әдебиет адамның

қиялына түрлі әлемді, кейіпкерлерді елестетіп, көкжиегін кеңейтеді.

Кітапқа жаны құмар адам одан алыстай бармайтын, ақпаратты тек телефоннан алатын ұрпақ, қиялын тек көгілдір экранда көргенімен дамытып келе жатқан ұрпақ – соның дәлелі. Ол үшін баланы ерте жасынан кітапқа құмар етіп өсірген жөн. Амалы – кішкентайынан мақал-мәтелге, ертегіге, батырлар жырына баулу, тақпақ жаттату. Сонда баланың назары шоғырланып, қиялы дами түседі; рухани дүниесін қалыптасады, қуыс кеуде болмайды.

Яғни, кітап – рухани құндылық, кітапхана – сол құндылықтың сақтаушысы. ЖОО кітапханасы қызметінің негізгі мақсаты – оқу-тәрбие үдерісі мен ғылыми зерттеулер жүргізуде кітаппен, ақпаратпен толық және жедел қамтамасыз ету. Кітапхана – білім алушылар мен оқытушылардың, зерттеушілердің ғылыми ізденісіне бағыт беретін, ақпаратпен қамтамасыз ететін маңызды орталық. Университет кітапханасы тек кітап сақтайтын орын ғана емес, білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі, ғылым мен тәжірибені байланыстыратын көпір.

Студент қатарына қабылданған сәттен, МТГУ кітапханасы дәстүрлі түрде «Бірінші курс студентіне - кітапханадан бастама» атты таныстыру апталығын ұйымдастырады. Апталықтың мақсаты студенттерді кітапханамен, қызмет түрлерімен және жалпы ережелерімен жан-жақты таныстыру.

Жалғасы 2-ші бетте

Басы 1-ші бетте



Апталық барысында әр кафедраның бірінші курс студенттері топтарға бөлініп, кітапхана қызметкерлерінен ақпарат алады. Презентациялар арқылы кітапхана қорымен жұмыс жасау, электронды ресурстарды пайдалану, оқу залдары мен абонемент бөлімінің мүмкіндіктері түсіндіріледі. Сонымен қатар студенттерге кітапхананы пайдалану ережелері мен ақпараттық-іздістіру жүйелерін қолдану жолдары көрсетіліп, экскурсия жүргізіледі.

Бұл шараның негізгі міндеті – студенттерге кітапхананы оқу мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының сенімді көмекшісі ретінде таныстыру, сонымен қатар ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау. Біздің университетіміздің әр ғимаратында кітапхананың оқу залдары жұмыс жасайды. Анықтап айтсақ, 3 оқу залы, 2 кітап қоймасы, 1 абонемент.

Кітапханада кітап қорын дамытуға да ерекше көңіл бөлінеді. Қорды толықтыру, жүйелеу, заманауи әдебиеттермен байыту – басты бағыттардың бірі. Қорытындылай келе, кітап – адамзаттың рухани тірегі болса, кітапхана – сол байлықты сақтап, болашаққа жеткізеді. Кітапқа деген құрмет – білімге деген құрмет.

Құрметті оқырман, МТГУ кітапханасы сіздерді кітап әлеміне жиі саяхат жасауға шақырады. Кітап оқыңыз, ойыңызды байытыңыз, дамуды тоқтатпаңыз! Университет кітапханасының есігі сіз үшін әрдайым ашық.

ХАМЗИНА Талишын Мерекеевна
Университет кітапханасының меңгерушісі

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ - ӨНЕРКӘСІБІ

Құрылыс материалдарының өнеркәсібі – күрделі құрылысқа қажет әр түрлі материалдарды өндіретін өндірістің мамандырылған салаларының жиынтығы. Қазан (1917ж.) төңкірісіне дейін Қазақ даласында құрылыс материалдар өнеркәсібі, өнеркәсіптің ең мешуеу қалған салаларының бірі еді.

Кенестік Қазақстанда құрылыс материалдар өнімінің қалыптасып өркендеуі 1927 – 1940 жылдарда басталды. Құрылыс материалдары өнеркәсібін құру үшін шикізаттың жаңа түрлерін іздістіру және қолдануды ұйымдастыру қажет болды. Сондықтан, 1930ж. «Қазақ құрылыс бірлестігі» құрылды, оның құрамына құрылыс мекемелері мен кәсіп орын салалары кірді. 1931ж. бұл бірліктен екі бөлек мекеме бөлінді – «Қазақ құрылыс» және «Қазақ құрылыс материалдары», бұл болінуі құрылыс басқармасы мен құрылыс материалдарын өндіруі өнеркәсібіне зор үлес қосты.

Құрылыс материалдарының қажеті республикада басқа жақтан, Урал мен Сибирьден әкелу арқылы өтелді. 1927 жылы – 53,8 мың; 1928 жылы – 138,4 мың; 1931 жылы – 540 мың; бөшке цемент әкелінді. (ЦГА Казахской ССР, фонд 206, опись 1, Дело 71, лист 30). 1927 жылға қарағанда цемент әкелуі Қазақстанға – 1931 жылы – 10 есе өсті.

Қазақ құрылыс материалдарының тресі 1931ж. – жылына 38 млн. кірпіш беретін 6 зауыт пайдалануға берді. Бұл кәсіп орындарда еңбек алғашқы әдістемелерді қолданғандықтан 71 млн.кірпіш өндіру, 185 % дейін көтерілді. (ЦГА Казахской ССР, фонд 206, опись 1; Дело 76, лист 57).

Шымкент кірпіш зауытының еңбек жеңімпаздары – К.Абдрасулов, И.Мирзабаев, А.Муслимов және М.Жанелов: 600 дана кірпіш өндірудің орнына 1100 – 1130 данадан өндірді. (ЦГА Казахской ССР, фонд 1479, опись 5, Дело 216, листы 23, 26).

Архив қорынан алынған құжаттарды талдау нәтижесінде, жұмысшылардың нәшар тұрмыс жағдайы, жалақының еңбегіне сай берілмеуі, норманың жоқтығы – білімді инженерлер мен жұмысшылардың жұмыста тұрақтамауына себеп болды. Алматы, Шымкент, Петропавловск, Семипалатинск, Қзыл-Орда кірпіш зауыттары кіші кірпім болғандықтан, жұмысшылардың саны 100-ден аспады. (ЦГА Казахской ССР; фонд 1211, опись 1, Дело 62, связка 6, лист 18).

Жаңадан салынған кірпіш және ізбес зауыттары жаңа техникамен жабдықталды. Балға мен күректі – экскаваторлар, скрепер ауыстырды. Жұмысшылар кірпіш кептіру пештерге, көмірді эстакада арқылы вагонеткалармен жеткізді. (ЦГА Казахской ССР, ф.1479, оп.5, Дело 218, лист 13). 1930 – 1935 жылдары құрылыс материалдарын Қазақстан Ресейден сатып алды. Бір бөшке цемент – 12-13 сомға сатып алынды, өзіндік, Ресей зауытының бағасы – 5 сом болды. Алматы құрылысшылары кірпішті Ташкенттен – өте қымбат бағаға сатып алуға мәжбүр болды. 1000 дана кірпіш, өзіндік баға – 112 сом. Алматы құрылысшылары 223 сом төледі. (ЦГА Казахской ССР, ф.206, оп.3, Дело 9, лист 4).

XX ғасыр – 30 жылдары құрылыс материалдарын шығаратын ірі-ірі кәсіпорындар салынды, Таразда –

8 млн. дана, Алматыда – 10 млн. дана кірпіш зауыттар, Қарағандыда – 24 мың тонна цемент шығаратын зауыт салынды. 1939 жылы республикада 1920 жылға қарағанда кірпіш өндіру 100 есе өсті. Үшінші бесжылдықта Қарағандыда жылына – 18 мың тонна және Сас-Төбеде (Оңтүстік Қазақстанда) 60 мың тонна цемент өндіретін зауыттар салына бастады. Ұлы Отан соғысы жылдарында зауыт құрылысы тоқтатылып қалды. Қарағандыда салына бастаған цемент зауытын Ресейден эвакуацияланған Ново-Подольск цемент зауытының жабдықтары берілді. (журнал «Строительные материалы», 1977, № 11, стр.3).

Ұлы Отан соғысының осы салаға түсірген зардабынан 1945 жылы Қазақстанда кірпіш өндіру екі есе төмендеді, ізбес 1940ж. – 136,6 мың тонна өндірілсе, 1944 жылы – 56 мың тонна өндірілді. (Казахская ССР за 30 лет Советской власти, Алматы, 1948, стр.44, 45).

Соғыстан кейінгі жылдары өкімет орындары құрылыс материалдары өнеркәсібін өркендетуге шара қолданды. Қазақстан үкіметінің 1946 жылғы 3 тамызындағы қаулысында Құрылыс материалдары министрлігі құрылды. Министрліктің басты міндеті – сапасы жоғары жаңа құрылыс материалдарын өркендету және өзіндік құнын төмендету болып табылады. (Казахстан за 40 лет, Алматы, 1960, стр.25).

Қазақ геология басқармасы ашқан 1 мың 250 құрылыс шикі заты табылған орындарда 1950 – 1965 жылдары жаңа кәсіпорындар салу базасы болды.

1952 жылы құрылысшылар Сас-Төбе цемент зауытын іске қосты. Сас-Төбе цемент зауытының ұжымы жылына 190 тонна ақ және түрлі-түсті цемент шығара бастады. (Қазақ Совет энциклопедиясы, 10 том, 49 бет, Алматы, 1977).

1950-1955 жылдары Қазақстанның кәсіпорындары Новороссийск, «Октябрь» зауытының цементшілері үлгісімен өнімнің сапасын арттыру және өзіндік құнын төмендету үшін шарт жариялады. № 3 Алматы кірпіш зауытының 1 – бөлімінде 1952 жылдың 1 тоқсанында, қантарда – 88, ақпанда – 102, наурызда – 105 мың дана кірпішті бір тәулікте өндірді. № 3 Алматы кірпіш зауыты 1952ж. – жоспардан тыс 3 млн. 346 мың дана күйдірген кірпіш, 10 млн. 088 мың дана кірпіш шикізатын берді, ұжым – 358 мың сом қаражат үнемдеді. (ЦГАНХ СССР, ф.8248, оп.21, Д.604, листы 58 – 59).

1950-1960 жылдарындағы құрылыс материалдары кәсібінің шапшаң өркендеуі Қазақстандағы барша өнеркәсіп түрлерінен 3 есе асып түсті. 1951-1960 жылдары Семейде, Шымкентте, Қарағандыда, Өскеменде цемент зауыттары салынды. Цемент өндіру Қазақстанда, 1951 жылы – 15,7 мың тонна болса, 1955 жылы – 23 есе өсті – 365 мың тонн цемент өндірілді. (журнал «Народное хозяйство Казахстана», 1962, № 5, стр.34).

Резюме: В статье автор, опираясь на собранные архивные материалы, раскрывает историю создания строительной индустрии Казахской ССР.

ӘБЖАН К.С., тарих ғылымының кандидаты, доцент, «ӘГЖФП кафедрасы»

ИСТОРИЯ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ КАЗАХСТАНА

(1945–1958 гг.)

Продолжая серию статей о железных дорогах Казахстана в указанный период. Дорогой читатель, Вы наверняка заждались описание легендарного Турксиба.

Начало стройки от станции Семипалатинск была начата 15 сентября 1927 года, это Северный участок. А Южный участок, от станции Луговая-19 ноября 1927 года. Фактическая стыковка была осуществлена 21 апреля 1930 года, срок строительства был сокращен почти на один год. Но официальное открытие было 28 апреля 1930 года, в 12 часов местного времени с забивкой «серебрянного» костыля. То есть исполняется 96 лет.

Туркестано-Сибирская железная дорога, связывает кратчайшим путём среднеазиатские республики, Южно-Казахстанские, Джамбулскую, Алма-Атинскую области Казахской ССР с железной дорогой Сибири и Дальнего Востока. Основная магистраль – Семипалатинск – Алма-Ата – Луговая – Арысь (1 860 км) – составилась из построенной в 1931 г. линии Семипалатинск – Луговая и участков линии Арысь – Джамбул – Луговая – Фрунзе, сданных в эксплуатацию в 1916–1925 гг. Ветвь Луговая – Фрунзе, продлённая в настоящее время до станции Быстровка, связывает с сетью севера Киргизской ССР и её столицу Фрунзе (в настоящее время г.Бишкек) и ведёт к богатствам Иссык-Кульской долины. В районе дороги крупнейшее в Союзе залежание высококачественных фосфоритов (хребет Кара-Тай на северо-западе от г. Джамбул), к освоению которых приступили в годы Отечественной войны (1941–1945 гг.). Проведение дороги дало сильный толчок развитию высокоинтен-

сивного, в основном орошаемого полеводства (сахарная свёкла, табак, хлопок, рис, пшеница и прочие зерновые) и скотоводства (мясошерстное и молочное). Эти отрасли сельского хозяйства стали базой многообразной пищевой промышленности (мясокомбинат во Фрунзе, крупные сахарные заводы, табачные фабрики, мелькомбинаты, маслобойные заводы). Лес, хлеб, каменный уголь из Сибири, нефть из Средней Азии – основные грузы в перевозочной работе дороги. Сахарная свёкла, зерно, сахар являются крупными слагаемыми в погрузке дороги. Наряду с углём Ленгеровских копей (вблизи Чимкента) из грузовой промышленности всё более заметную роль начинает играть продукция предприятий цветной металлургии, металлообработки, машиностроения, многократно увеличившаяся за годы Отечественной войны. В целом дорога сыграла большую роль в развитии производительных сил Казахстана и подъёма материально-культурного уровня казахского и киргизского народов. Основные грузообразующие районы – участки, пролегающие в предгорьях Тянь-Шаня (Арысь – Алма-Ата – Балхаш и ветка на Фрунзе), и семипалатинский промышленно-транспортный узел (пищевая промышленность, перевалка грузов в сообщениях с верховьями Иртыша). В районе дороги – шоссеиные пути и водное сообщение с Западным Китаем (Синьцзян) по реке Или. Туркестано-Сибирская железная дорога граничит по станции Семипалатинск с Томской железной дорогой и по станции



Арысь с Ташкентской железной дорогой. Управление дороги – в г. Алма-Ата.

Далее опишем следующую

дорогу. **Омская** железная дорога, головной участок транссибирской магистрали, где сходятся оба выхода в Сибирь: южный – через Челябинск и северный – через Тюмень. Одна из важнейших транзитных магистралей в СССР. Состоит из основной широтной магистрали Макушино – Омск – Чулымская протяжённостью 1 035 км, построенной в 1896 г., к которой с севера примыкает у Омска (ст. Куломзино) линия Тюмень – Загай – Омск, построенная в 1912 г. У станции Татарская к главной линии примыкает линия Татарская – Глазгород – Павлодар. Омская железная дорога обслуживает Омскую и частично Новосибирскую и Курганскую области, западную часть Алтайского края, Павлодарскую и Северо-Казахстанскую области Казахской ССР. В Омске перевалка по реке Иртыш в сообщениях с севера Тюменской области. (Салехард, районы Обской губы) и районами Карского моря. Грузопотоки главной магистрали Омской железной дороги определяются её ролью как связующего звена между Кузбассом и Уралом. С перевозками кузнецкого угля, уральской руды и других транзитных грузов связана основная часть перевозочной работы дороги. Главные грузообразующие районы: Омск –

транспортно-промышленный узел (машиностроение, химия, мукомолье, перевалка лесных и хлебных грузов): линия Татарская – Павлодар (хлебные грузы, крупнейшие в Сибири соляные промысла, перевалка с Иртыша по Павлодару). В годы Отечественной войны (1941-1945 гг.) в район дороги был эвакуирован целый ряд крупных промышленных предприятий из западных районов, временно оккупированных врагом. Значительное развитие получила также ранее существовавшая здесь промышленность. Всё это привело к росту погрузки и выгрузки в узловых пунктах дороги каменного угля, металлов, металлоизделий, машин и других грузов. Главная линия Омской железной дороги отличается исключительно благоприятным профилем; на всём её протяжении имеются вторые пути и автоблокировка. Многие станции оборудованы электроцентрализацией. Омская железная дорога граничит по станции Вагай – со Свердловской, по станции Макушино – с Южно-Уральской, по станции Петропавловск – с Карагандинской и по станции Чулымская – с Томской железной дорогой. Управление дороги – в Омске.

ИБРАИМОВ А.К., к.т.н., ассоциированный профессор кафедры «Транспортное строительство, мосты и туннели», Почетный железнодорожник

Алматы-2 станциясында көлік мамандықтары студенттерін тәжірибеге бағытталған оқыту



Көлік мамандықтары студенттерін кәсіби даярлаудың маңызды құрамдас бөлігі – тәжірибелік сыртта өтетін сабақтар (выездные уроки) сабақтар болып табылады. Мұндай сабақтарды көлік инфрақұрылымының нақты жұмыс істеп тұрған нысандарында өткізу ерекше құндылыққа ие. Осындай жарқын мысалдардың бірі – «Тасымалдауды ұйымдастыру, қозғалысты басқару және көлікті пайдалану» мамандығының студенттеріне арналған Алматы-2 станциясына ұйымдастырылған выездтік сабақ. Бұл іс-шара «Көлік қозғалысын ұйымдастыру, басқару және логистика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к. Шарубеков Мұрат Несіпбекұлының жетекшілігімен өткізілді.

Алматы-2 станциясы елдің теміржол тасымалы жүйесінде маңызды рөл атқарып, жолаушылар мен жүк ағындарына қызмет көрсетеді. Бұл нысанда өткізілген выездтік сабақ студенттерге пойыз қозғалысын ұйымдастыру, станциялық қызметтердің жұмысы және көлік ағындарын басқару ерекшеліктерін тәжірибе жүзінде танып-білуге мүмкіндік береді.

Сыртта өтетін сабақтар (выездные уроки) сабақтың негізгі мақсаты – оқу барысында алынған теориялық білімдерді бекіту және оларды нақты өндірістік жағдайларда қолдану. Станцияға бару барысында студенттер станцияның құрылымымен, әртүрлі бөлімшелердің қызметімен және технологиялық жұмыс үдерісін ерекшеліктерімен танысты.

- Сабақ барысында студенттер келесі бағыттарды оқып үйренді:
- пойыздарды қабылдау және желдету жұмыстарын ұйымдастыру;
 - станция кезекшісі мен диспетчерлік қызметтің жұмысы;
 - жолаушылар және жүк пойыздарын өңдеу технологиясы;
 - қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйелерін қолдану;
 - пойыз қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары.

Студенттердің ерекше қызығушылығын электрлік орталықтандыру посттарының жұмысы тудырды, мұнда бағыттамалар мен сигналдарды басқару жүзеге асырылады. Станция кезекшісінің қызметін бақылау арқылы студенттер қарқынды қозғалыс жағдайында жедел шешімдер қалай қабылданатынын түсінді.

Сабақтың практикалық бөлігі станция мамандарының түсіндірмелерімен қатар жүргізілді. Олар өз тәжірибелерімен бөлісіп, өндірістік жағдайларды мысалға келтіріп, студенттердің сұрақтарына жауап берді. Бұл болашақ мамандардың кәсіби міндеттерін терең түсінуіне және қажетті құзыреттерді қалыптастыруына ықпал етті. Сонымен қатар, Алматы-2 станциясында өткен Сыртта өтетін сабақтар (выездные уроки) студенттерге нормативтік талаптарды сақтау, қауіпсіздік ережелері мен тасымалдау үдерісіне қатысушылар арасындағы үйлесімділіктің маңыздылығын бағалауға мүмкіндік берді. Олар көлік торабының үздіксіз жұмыс істеуі және пойыздардың кешігуін азайту қалай қамтамасыз етілетіні жөнінде түсінік алды. Осылайша, Алматы-2 станциясы базасында сыртта өтетін сабақтар (выездные уроки) өткізген «Тасымалдауды ұйымдастыру, қозғалысты басқару және көлікті пайдалану» білім беру бағдарламасы студенттерін практикалық бағытта оқытудың маңызды кезеңі болып табылады. Ол кәсіби дағдыларды қалыптастыруға, аналитикалық ойлауды дамытуға және қазіргі заманғы көлік саласында жұмыс істеуге дайын бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ықпал етеді.

УСТЕМИРОВА Райгул Сериковна
«Көлік қозғалысын ұйымдастыру, басқару және логистика»
кафедра меңгерушісі



«ФИЗИКТЕР ЛИГАСЫ» ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСЫ СӘТТІ ӨТТІ!



«Әлеуметтік гуманитарлық жаратылыс ғылым пәндері» кафедрасы физиктерінің «Физиктер лигасы» зияткерлік сайысы сәтті өтті! «Физиктер лигасы» сайысы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар ерекше атмосфераны сезінді.

Бүгінде физика тек оқу пәні шеңберімен шектелмей, ғылыми дүниетанымды қалыптастырып, сыни ойлауды дамытады және қоршаған әлемнің заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. «Физика — жай ғана ғылым емес, ол әлемді танудың тәсілі» деп бекер айтылмайды.

Осыған орай, байқау Алматы қаласының студенттері арасында ғылыми ойлауды, шығармашылық әлеуетті және академиялық белсенділікті дамытуға, дарынды жастарды қолдауға, іргелі ғылымдарға деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыруға, сондай-ақ жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған.

Байқау үш кезеңнен тұрды:

1 кезең — «Таныстыру – үй тапсырмасы» Қатысушылар өз командаларын бейнеролик форматында таныстырды. Бұл кезеңде олардың мотивациясы, физикаға қызығушылығы, коммуникативтік дағдылары және командада жұмыс істеу қабілеті бағаланады. Бейнероликтің ұзақтығы — 3–4 минут.

2 кезең — «Интеллектуалдық тест» Физиканың базалық және қолданбалы сұрақтары бойынша тестілеу форматында өткізіледі. Мақсаты — студенттердің аналитикалық ойлау қабілеті мен теориялық дайындық деңгейін бағалау.

3 кезең — «Физикалық бағл» Командалар тәжірибе жүргізіп, оның нәтижесін түсіндірді. Көрсетілген кейін қарсыластар немесе қазылар алқасы тарапынан нақтылау сұрақтар қойылды. Бағалау критерийлері: дәлдік, ойлау жылдамдығы және өз ұстанымын дәлелдей білу.

Қызықты тапсырмалар, тартысты кезеңдер және шынайы бәсеке, бәрі өз орнын өтті. Барлық қатысушылар белсенділік танытып, білімдері мен логикалық ойлау қабілеттерін, дайындаған тәжірибелерін жоғары деңгейде көрсетті. Ең бастысы - қатысушылар жақсы әсер алып, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар табысталып, естелікке университет мерчтерімен сыйлақтар тартылып, алғыс хаттар берілді.

Әділ қазылар алқасы мүшелері:

1. «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты,

Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық стипендиясы иегері Баєтов Каирден Хаирбекович.

2. Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің техникалық физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры Мукамеден Венера.

3. PhD докторы, Ядролық физика институтының қолданбалы және теориялық материалтану зертханасының қызметкері Алдабергенова Тамара Мустафаевна әділ бағаларын беріп, келесі орындарды белгіледі.

Нәтижелер:

1 орын – Quantum Team (ALT)

2 орын – Cyber Force (Farabi University) 2 орын – Farabi Force (Farabi University) 2 орын – Reactor Team (Satbayev University)

3 орын – Бозон Хиггс (METU) 3 орын – Главные по электропитанию (Satbayev University) 3 орын – Tesla Vibe (MTGU)

Барлық қатысушыларға алғысымызды білдіреміз! Алдағы уақытта да осындай білім додаларында кездескенше.

ДИГАРБАЕВА Тамара Даркембаевна, «ӘГЖФП» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАҒА БІЗДІН СТУДЕНТТЕРІ ҚАТЫСТЫ



Республикалық пәндік олимпиада жүлдегерлері

МТГУ «Көлік құрылысы, көпірлер және тоннельдер» кафедрасының студенттері Республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңіне өтті. Халықаралық көлік-гуманитарлық университетінің В073 «Сәулет және құрылыс» білім беру бағдарламалары тобы бойынша студенттері 2025–2026 оқу жылындағы Республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңіне қатысты.

Олимпиада 2026 жылғы 8–9 сәуірде «Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС базасында өтті.

Университет атынан студенттер Тылекенов Адиль Адылетович; Рүстем Дастан Рүстемұлы; Нурберген Жаннұр Нурымқызы аға оқытушы Тұрдалі Берік Тұрсынәліұлының

жетекшілігімен қатысты.

Республикалық олимпиадаға қатысу студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, ғылыми және шығармашылық әлеуетін ашуға, сондай-ақ болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді.

Олимпиаданы жоғары деңгейде ұйымдастырғаны, тәжірибе алмасуға қолайлы жағдай жасағаны және дарынды жастарды қолдағаны үшін «Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС-на (<https://iec.edu.kz>) алғысымызды білдіреміз.

mtgu.edu.kz



ЛОГИСТИКА ЖӘНЕ МАРКЕТИНГТЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

IX ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ҚАШЫҚТЫҚ ОЛИМПИАДА



«ЛОГИСТИКА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ

III ОРЫН ИЕЛЕНДІ

IX ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ҚАШЫҚТЫҚ ОЛИМПИАДА ӨТТІ

2 наурыз күні ҚазҰУ университеті ұйымдастырған «Логистика және маркетингтегі цифрлық технологиялар» тақырыбындағы IX Халықаралық студенттік қашықтық олимпиадасы өтті. Олимпиадаға МТГУ университетінің «Логистика-24к» тобының студенттері «Логистика» мамандығы бойынша қатысты. Іс-шара заманауи цифрлық шешімдер саласындағы кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталды.

Қатысу қорытындысы бойынша студенттеріміз жоғары дайындық деңгейі мен практикалық дағдыларын көрсетіп, құрметті III орынға ие болды.

Жетекшілер: Устемирова Р.С., Нурсобетов А.Б.

<https://farabi.university/news/104064>

March 2, the IX International Student Distance Olympiad on the topic "Digital Technologies in Logistics and Marketing," organized by KazNU University, took place. Students of the "Logistics-24k" group from MTGU University took part in the Olympiad in the specialties of "Logistics". The event

was aimed at developing professional competencies in the field of modern digital solutions.

As a result of participation, our students were awarded an honorable 3rd place, demonstrating a high level of preparation, theoretical knowledge, and practical skills.

Supervisors: Ustemirowa R.S., Nursobetov A.B.

2 марта состоялась IX Международная студенческая заочная олимпиада на тему «Цифровые технологии в логистике и маркетинге», организованная Университетом КазНУ.

В олимпиаде приняли участие студенты группы «Логистика-24к» университета МТГУ по специальности «Логистика». Мероприятие было направлено на развитие профессиональных компетенций в области современных цифровых решений.

По итогам участия наши студенты заняли почетное III место, продемонстрировав высокий уровень подготовки, теоретических знаний и практических навыков.

Руководители: Устемирова Р.С., Нурсобетов А.Б.

mtgu.edu.kz

«ЕАЭО және Кедендік одақ: цифрлық кеден, бюджеттік тұрақтылық және халықаралық тәжірибе» теория және практика



айтарлықтай әсер етеді.

Шақырылған сарапшылар:

Жайылов Мурат Жумабекович — Орталық кеден лабораториясы бөлімінің жетекшісі (Алматы қ.).

Қашықтан қатысу (ZOOM платформасы арқылы):

Алиасқарова Айгерім Абдухановна — «Жетісу» кеден постының бастығы (Алматы қ.).

Байтуғанов Қуаныш Дүйсенғалиевич — «Алаколь» инспекционно-тексеру кешенінің бастығы.

Жұмашев Дархан Серікбайұлы — «Алтынқоль» инспекционно-тексеру кешенінің бастығы.

Қасымбаев Қанат Мәлікovich — «Нұр жолы» кеден постының бастығы.

Смагулова Гульжан Әуезхановна — Алматы қ. Кеден ресімдеу орталығы (ЦТО) бастығы.

Іс-шараның негізгі бөлімінде «Жас кәсіпкер» үйірмесінің мүшелері студенттердің ғылыми зерттеулері мен талдауларын ұсынды:

1. **Серікбай Ильяс Таңатұлы** - «ЕАЭО және Кедендік одақ: аймақтық ықпалдастықтың жаңа кезеңі» Ильяс ЕАЭО шеңберінде аймақтық интеграцияның жаңа кезеңдеріне тоқталып, кеден интеграциясының қатысушы елдердің экономикасына тигізетін маңыздылығын түсіндірді.

2. **Муратов Шахмәріп Саиұлы** — «Smart Customs Kazakhstan: 8 цифрлық бекеттің серпіні» Шахмәріп Қазақстандағы цифрлық кеден бекеттерінің жұмысын жан - жақты баяндап, процестердің цифрландырылуы мен жаңа бекеттердің тиімділігін талқылады.

3. **Ербол Беккежан** — «Кедендік интеграция: Қазақстан экономикасының бюджеттік тұрақтылығы және геосаяси тәуекелдер» Ербол кеден интеграциясының Қазақстанның бюджеттік тұрақтылығына әсерін талдап, геосаяси тәуекелдер мәселесін қарастырды.

Негізгі бөлімнен кейін кеден посттарының өкілдерімен интерактивті сессия ұйымдастырылды. Сессия барысында «Алаколь» және «Алтынқоль» инспекционно-тексеру кешендерінің жұмыс тәжірибесіне назар аударылды. Сондай-ақ, «Нұр жолы» кеден постында «Smart Customs» концепциясын енгізу мәселесіне ерекше көңіл

бөлінді, бұл посттың кеден рәсімдеріндегі цифрлық технологияларды қолданудағы табысты үлгісі болып табылады.

Дискуссия барысында қатысушылар кедендік роботтар енгізу, Еуропа елдерінің тәжірибесі, сондай-ақ, кеден органдарының қаржылық сауаттылығы мәселелерін талқылады.

Іс-шараның соңында қорытындылар жасалып, ұйымдастырушылар мен қатысушыларға алғыс айтылды. Университеттің «Нұр жолы» кеден бекеті мен Кеден ресімдеу орталығы (ЦТО) сияқты практикалық органдармен тығыз байланысы студенттерге саланың цифрлық трансформациясы және инновациялық әдістері туралы заманауи білім алуға мүмкіндік береді деп атап өтілді.

Тәжірибелі мамандар студенттерге кеден саласындағы кадрлық қажеттіліктердің жоғары екенін баса айтып, «Кеден ісі» мамандығы бойынша білікті кадрларға сұраныстың артып отырғанын жеткізді. Спикерлер жұмысқа орналасудың кезең - кезеңімен өту жолдарын, конкурстық іріктеу шарттарын және мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптарды егжей - тегжейлі түсіндіріп берді.

Кездесу соңында сала майталмандары бітіруші тұлғаларды еліміздің экономикалық қауіпсіздігін нығайту жолында бірлесу қызмет етуге шақырып, жас мамандарға сәттілік тіледі.

Қорытындылай келе, қатысушылар ЕАЭО шеңберіндегі цифрландыру мен интеграцияның Қазақстан үшін маңызды даму кезеңі екенін, бұл экономиканы жаңғыртуға және бюджет тұрақтылығын нығайтуға ықпал ететінін атап өтті. Мұндай іс - шараларға қатысу студенттерге теориялық білімдерін тереңдетуге ғана емес, сондай-ақ сала мамандарымен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

«Жас кәсіпкер» студенттік үйірмесі кәсіпкерлік және халықаралық сауда саласында студенттердің біліктілігін арттыру және хабардарлығын күшейту бағытында жұмысын жалғастырады.

ОРАЗЫМБЕТОВА Айнуір Жумабаевна «Бизнес және Басқару» кафедрасының меңгерушісі

Проведение практического занятия по образовательной программе «Электроэнергетика» в АО НК «Қазақстан темір жолы»



В рамках практико-ориентированного обучения студенты образовательной программы «Электроэнергетика» совместно с преподавателями кафедры «Автоматизация и электроэнергетика на транспорте» (АиЭТ) посетили диспетчерский пункт ЭЧ-19 АО НК «Қазақстан темір жолы».

Целью визита стало закрепление теоретических знаний по дисциплинам, связанным с эксплуатацией электроустановок, релейной защитой и оперативно-диспетчерским управлением, а также ознакомление с реальной организацией работы служб электроснабжения на железнодорожном транспорте.

В ходе экскурсии специалисты диспетчерского пункта ЭЧ-19, особенностях управления режимами работы тяговых подстанций, контактной сети и линий электропередачи. Особое внимание было уделено вопросам оперативного переключения, контролю параметров напряжения и нагрузки, обеспечению надежности электроснабжения объектов железнодорожной инфраструктуры.

Преподаватель кафедры АиЭТ Байбеков Е.С. провел на базе диспетчерского пункта практическое занятие, в рамках которого студенты ознакомились с рабочими местами энергодиспетчеров, программно-аппаратными средствами мониторинга, схемами электроснабжения и алгоритмами действий при возникновении аварийных и ненормальных режимов. Были рассмотрены примеры реальных производственных ситуаций, что позволило связать теоретические положения с практикой эксплуатации.

Посещение диспетчерского пункта способствовало формированию профессиональных компетенций обучающихся, развитию навыков анализа режима работы электрических сетей и пониманию ответственности оперативного персонала. Подобные выездные занятия повышают мотивацию студентов и усиливают практическую направленность подготовки будущих специалистов в области электроэнергетики. Благодарим университет за организацию познавательной встречи и возможность совмещать теорию с практикой. Именно такие мероприятия формируют настоящих профессионалов.

ОРАЛБЕКОВА Аяулым Оралбековна Зав. кафедры «АиЭТ» доктор PhD, ассоц. профессор. ЖУМАДИЛОВА С.Е. ст. преподаватель

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ



Қазіргі әлемде цифрландыру барлық салаларды, соның ішінде техникалық және кәсіптік білім беруді (ТЖКБ) түбегейлі өзгертуде. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2024 жылғы 6 қыркүйектегі Жолдауымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланды. Бұл шешім ТЖКБ жүйесінің рөлін күшейтіп, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға және кәсіптік білімнің сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.



Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2025 жылғы 12 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация

арқылы өзекті міндеттер және оларды шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің алдағы дамуының стратегиялық бағыттарын айтты.

Жолдауда: «Ауқымды цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын белсенді енгізу негізінде біз экономиканы жаңғыртуды жүзеге асыруға тиіспіз. Біздің стратегиялық бағытымыздың негізгі құрамдас бөлігі жасанды интеллектті кеңінен енгізу және елдің барлық салалардағы әлеуетін бірнеше есе арттыра алатын толық цифрландыру болуы тиіс» деп атап көрсетілді.

Мемлекет басшысы Жолдауда білім беру жүйесін жаңғыртудың нақты міндеттерін де белгіледі: мұғалімдердің жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдыларын қалыптастыру, үшін жасанды интеллект негіздері бойынша бағдарламалар әзірлеу, қашықтан оқыту және жасанды интеллект негізінде Qazaq DIGITAL MEKTEBI шағын

жинақты мектебінің моделін енгізу, сондай-ақ 100 мыңға жуық студентті жоғары технологиялық жобаларға тартуға арналған AL-SANA бағдарламасын іске қосу.

Осылайша, 2024-2025 жылдар аралығында қабылданған мемлекеттік шешімдер- «Жұмысшы мамандықтарының жылы» (2025) және Президенттің 2025 жылғы Жолдауы- техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі цифрлық құралдар мен жасанды интеллектті енгізудің стратегиялық маңызын айқындап, білім беру ұйымдарының алдына жаңа міндеттер қойып отыр.

Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайтында жарияланған ақпарат бойынша, колледждер мен мектептерге арналған ЖИ құзыреттіліктерін дамыту жоспары әзірленуде. Бұл бастама техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің педагогикалық ұжымдарын ЖИ құралдарымен жұмыс істеуге дайындау қажеттігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, жасанды интеллект педагогті алмастыра алмайды, керісінше оның кәсіби қызметіне қолдау көрсететін көмекші құрал болып табылады. Оқу материалдарын дайындау, сабақты жоспарлау, білімді бағалау, студенттермен кері байланыс орнату - осының бәрінде ЖИ құралдары педагогтарға айтарлықтай көмек көрсете алады. Алайда, көптеген педагогтар ЖИ мүмкіндіктерін толық пайдалана алмайды, себебі арнайы әдістемелік нұсқаулықтардың жетіспеушілігі байқалады. Сондай-ақ, ЖИ-ді қолданумен байланысты академиялық адалдық, плагиат, этикалық мәселелер де өзекті болып отыр.

Алматы техника-экономикалық қатынас жолдары колледжінде білім беру сапасын арттыруға және жас педагогтардың кәсіби әлеуетін дамытуға бағытталған «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының арнайы пән педагогтары-Нурпейсова Рауан Жаналадиқызы және жас маман Жексембаева Қыз Жібек Саламатқызының «Жасанды интеллект құралдарын техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қолдану жолдары» тақырыбындағы мазмұнды да маңызды семинар өтті. Семинарда ЖИ-ді



қолданудың тиімді жолдарын кәсіби шеберліктерін, заманауи технологияларды жетік меңгеруді және оны әріптестерімен бөлісті. Әдістемелік нұсқаулық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтары мен студенттеріне арналған. Құралда жасанды интеллект құралдарын білім беру процесінде тиімді қолданудың теориялық негіздері мен практикалық әдістемелері жүйелі түрде баяндалған. Осы әдістемелік нұсқаудың электрондық нұсқаларын әріптестеріне таратты.

Қорытындылай келе. Семинарда тәжірибелі педагогтар «Сапалы білім-әдіс-тәсілдің сан алуандығында емес, дұрыс орынды қолдана білу». Іс - шараға қатысушылардың кәсіби ынтасын арттырып, оқу үрдісіне жаңа серпін беретіндігінің бір дәлелі. Осындай мазмұнды әрі мәнді іс-шаралар педагогтардың сабақта қолдануының нәтижесін студенттердің болашаққа деген сенімін нығайтып, білім алуға деген ынталарын арттырады.

Колледждің әкімшілігі мен педагогтар бұл семинардың маңыздылығын ерекше бағалап, алдағы уақытта осы бағыттар мен жұмыстарын жалғастыруды жоспарлап отыр. Осындай семинарды жоғары дәрежеде өткізіп өз ой пікірлерімен, озық тәжірибелерімен бөліскендері үшін педагогтарымыз Нурпейсова Рауан Жаналадиқызы және жас маман Жексембаева Қыз Жібек Саламатқызына еңбектеріңізге табыс, шығармашылық шабыт және жаңа жетістіктер тілейміз!

БЕЛГОЖАЕВА Шолпан Даутовна
Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары

СТУДЕНТ ЖЕТІСТІГІ-ПЕДАГОГ БІЛІМІНІҢ КӨРСЕТКІШІ

«Қайда қарасақ та, қайда көз жіберсек те көретініміз – химия ғажайыптары», - деп орыстың ғалымы Михаил Васильевич Ломоносов айтқандай, теміржол саласының мамандары үшін «Химия» пәні маңызды рөл атқарады. Химиясыз ғылыми-техникалық прогресс болуы мүмкін емес. Теміржол саласы - теміржол болсын, мейлі, поезд болсын жасалатын заттардың бәрі қара және түсті металдар, құймаларды, ағашты, шыныны алмастыратын берік, төзімді, оптикалық мөлдір, электрооқшаулағыш, желімейтін қасиеттері бар материалдардан тұрады. Мамандықтарына қатысты болғаны үшін студенттердің де пәнге деген қызығушылықтары жоғары. «Бұлақ көрсен – көзін аш», - демекші, кейбір дарынды балалар үшін осы пәнге байланысты химия пәнінің оқытушылары сайыс, байқау, конференция, олимпиада әр жыл сайын ұйымдастырып отырады. Соның бірі - осы жылы, колледжішілік олимпиада өтті. Ұйымдастырушылар оқу орнымыздың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі директордың орынбасары Белгожаева Шолпан Даутовна, «Жалпы білім беру» бөлімінің төрайымы Алишева Айгүл Серсеналықызы және колледждің әдіскері – Саркеева Гулнар Токаена қалалық колледждердің химия пәнінің білікті мамандарын әділқазы ретінде шақырды.

«Алматы электромеханикалық колледжінің» химия пәнінің білікті маманы - Тукушбаева Салтанат Еркінқызы; «Алматы көпсалалы колледжінің» химия пәнінің білікті маманы - Мауленжанова Ментай Кадржановна.

Ал, студенттерді химия пәнінің педагогтары Оралбекова Меруерт Асылбекқызы, Жапсарбай Мадина Мақсатқызы химия ғылымына қызығатын, химия салаларын жақсы меңгерген, химиялық есептердің күрделі түрлерін шығара алатын, химиядан жоғары білім деңгейін көрсеткен студенттерді іріктеп алды. Олимпиадаға колледжден қазақ және орыс топтарынан, әр топтан 2 студент қатыстырды.

Химик оқытушылар олимпиада мақсаты мен міндеттерін: пәндік біліктілік пен дағдыларды арттыру; дарынды студенттердің оқу мотивациясын арттыру; ақыл-ой қабілеттерін және перспективалық ойлауды дамыту; өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау дағдыларын меңгеру - деп алып, осы қойылған мақсаты мен міндеттеріне жете білді.

Олимпиада үш турдан болды.
1 тур. Химия пәні бойынша есеп шығару (кітапхана)
2 тур. Сұрақ-жауап (компьютер кабинеті)
3 тур. Тест (компьютер кабинеті)
Олимпиаданы өткізудің барысында



катысушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді; тапсырмалардың құрылымы; тапсырмаларды шешу тәртібі; тапсырмаларды бағалау критерийлері; олардың құқықтары мен міндеттері;

тәртіпті өрескел бұзудың салдары тәртіптің сақталуын қадағалау және оны өрескел бұзған кезде тиісті шаралар қабылдау.

Комиссия мүшелеріне олимпиадалық тапсырмалардың қандай да бір ережелерін ұсынуға немесе түсіндіруге тыйым салынады. Олимпиадаға қатысатын студенттерге тыйым салынды: қатысқан оқытушыдан және студенттік ғылыми қоғам өкілінен тапсырмалардың мазмұнына қатысты сұрау; бір-бірімен кеңесу; шпаргалкаларды пайдалану; ұялы телефонды және басқа байланыс құралдарын пайдалану; 1-тур. Химия пәні бойынша есеп шығару - 30 сұрақ - 30 балл. 2-тур. Сұрақ-жауап - 1 сұрақ - 2 балл. 3-тур. Тест - 3 есеп - 18 балл (1 есеп-3 балл; 2 есеп-5 балл; 3 есеп-10 балл).

Студенттер олимпиада тапсырмаларын талапқа сай орындады. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері нәтижелердің қорытынды кестесіне енгізілетін тапсырмаларды орындау барысы негізінде айқындалды.

Әділқазылардың ортақ шешімі бойынша 1-орын - ЭЖДБ 25/9-1 тобының студенті - Байбағыс Ерсултан, 2-орын ЛОГБР-25/9-4 тобының студенті - Канатова Рахат, СЖДБ-

25/9-1- Ибрагимов Нұржан; 3-орынды ОПУБ-25/9-1 тобының студенттері - Өмірзақ Ақжол мен Нәсіпхан Алихан иеленді. Жүлделі орын алған студенттер 1,2,3 - дәрежелі дипломмен марапатталса, белсенді қатысқан студенттерге сертификаттар тапсырылды. Ал, әділқазы мүшелері еңбектері үшін алғыс хатпен марапатталды.

Қорыға келгенде, химия тек қана білім, оқу пәні ғана емес, қазіргі өркениетте ерекше орын алатын, ірі өндірістердің өте маңызды саласы. Бір қарағанда химиялық емес болып көрінетін металлургия, құрылыс материалдары, поезд жол саласы, поезд жолдағы жылжымалы техникалардың да негізін химиялық технология құрайды. Біз, қазір химия ғасырындамыз. Қасықтан бастап техниканың бәрі, яғни, автомобиль болсын, поезд, ұшақ болсын барлық бөлшектері де, қозғалысы да химиялық өнімдерден тұрады. Адам тамақсыз, киімсіз, іс-әрекетсіз өмір сүре алмайды.

Міне, осылардың бәрін жасауға химия қатысады. Бүгінгі олимпиадада студенттер өз білімдерін мен химия өнімдерінің күнделікті өмірде қаншалықты маңызды рөл атқаратынын дәлелдеді. Студенттердің білімі, жетістігі - ұстазының еңбегі. Бүгінгі олимпиадада студенттер білімімен ұстаздарының еңбегін ақтап, сенімінен шықты.

АПБАЗОВА Фатима Улыхановна
Жалпы білім беру бөлімінің әдіскері

«Эко-колледж: Болашақ мамандардың бастамалары» Студенттердің ғылыми-практикалық конференциясы



Алматы техника - экономикалық қатынас жолдары колледжінде 1-курс студенттері арасында «Эко - колледж: Болашақ мамандардың бастамалары» атты ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Бұл жабын тек теориялық білім алмасу ғана емес, болашақ мамандардың табиғатқа деген жаңа көзқарасын қалыптастыру алаңына айналды.

Бұл іс-шараның басты мақсаты — студенттердің бойында экологиялық жауапкершілікті қалыптастырып, табиғатқа ұқыпты қарау құндылықтарын дамыту. Бұл бастама болашақ мамандардың тек кәсіби біліктілігін ғана емес, сонымен бірге еліміздің тұрақты дамуына үлес қосатын экологиялық сауаттылығын арттыруды міндеттейді. Ал алға қойылған басты міндеттерге:

1. Экологиялық білім мен тәрбиені кәсіби даярлықпен ұштастыру;
2. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту арқылы экологиялық мәселелердің шешімін табу;
3. «Таза Қазақстан» жалпы ұлттық жобасын насихаттау және іс жүзінде асыру.

Конференцияның негізгі өзекті мәселесі «Таза ой – таза әрекет – таза орта» қағидатын білім беру жүйесіне тереңінен енгізу болды. Колледж оқытушылары мен студенттері бұл ұстанымның мәнін былайша түсінеді:

1. Таза ой: Экологиялық санаңыз оянуы, табиғатқа зиян келтірмеу туралы ниет пен жауапкершілікті сезіну.
2. Таза әрекет: Тұрмыста және болашақ кәсіби қызметте (техника мен

көлік саласында) ресурстарды үнемдеу, қалдықтарды азайту, тазалық акцияларына белсенді қатысу.

3. Таза орта: Алғашқы екі қадамның нәтижесінде пайда болатын салауатты әрі қауіпсіз мекен.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүріп жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында колледж студенттері өздерінің баяндамаларын және эко-жобаларын ұсынды. Техникалық мамандықта оқитын жастар көлік саласындағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаға шығатын зиянды түгінді азайтудың инновациялық жолдарын талқылады.

Конференцияға қатысушылардың жұмысын оқу бөлімінің басшысы Жанар Мұратқалиқызы, колледж әдіскері Апбазова Фатима Улыханқызы және колледждің кітапхана меңгерушісінен құралған білікті қазылар алқасы бағалады. Ғылыми - конференция барсында талқыланған тақырыптар арасында үздік деп танылғандары іріктелініп алынды.

Ғылыми конференцияның нәтижесі бойынша 6 студент жеңімпаз атанды:

І дәрежелі дипломмен ЛОГБ-25/9-3 тобының білім алушылары Оразбек Бекжан мен Азахунов Аршидин марапатталды.

ІІ дәрежелі дипломды ЛОГБР-25/9-4 тобынан Канатова Рахат пен Джумашева Алуа иеленді.

ІІІ дәрежелі диплом Жамаш Саня мен Кабулбек Әдеміге бұйырды. Қалған 16 қатысушы студенттер конференция барысында тақырыптық баяндама жасағандары үшін сертификаттарға ие болды.

Конференцияны қорытындылаған директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Белгожаева Шолпан Даутовна өз сөзінде экологиялық тәрбиенің маңыздылығына тоқталды:

«Біздің мақсатымыз — тек білікті техникалық маман даярлау ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарайтын саналы азамат тәрбиелеу. «Таза ой – таза әрекет – таза орта» қағидаты біздің студенттеріміздің күнделікті өмір салтына айналуы тиіс. Экологиялық мәдениеті жоғары маман ғана ертеңгі күні мемлекетіміздің тұрақты дамуына үлес қоса алады», — деді Шолпан Даутовна.

Конференция соңында қатысушылар экологиялық мәдениет — әрбір Қазақстандықтың өмірлік дағдысына айналуы тиіс деген ортақ шешімге келді. Алматы техника-экономикалық қатынас жолдары колледжі осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып, еліміздің экологиялық болашағына үлес қосатын білімді де, мәдениетті мамандар тәрбиелеуді мақсат тұтады.

БУДАНОВ Н.У
Конференция ұйымдастырушы
Жоғары санатты педагог-зерттеуші
Биология пәні оқытушысы